

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ
БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

12. 12.2024 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – б.ғ.к. Қ.Т.Абдраимова, АК мүшесі, академиялық персонал – тех.ғ.к., доцент Э.Қ.Ибрагимова, АК мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы Г.О.Абишова, АК мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы Г.А.Бабаева, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.Т.Кенжалиев, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – М.Маулен.
Шақырылғандар: кафедра ОПК, кәсіптік практика жұмыстарына жауапты Е.Н.Балтабай.

Күн тәртібі:

1. ББ бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру, мазмұнын талдау
2. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру
- Бітірушілердің жұмыспен қамтылуына, даярлау нарығына талдау жүргізу
- ББ сапасын жақсарту мақсатында ББ-ның күшті және әлсіз жақтарын бағалау (SWOT талдау)
3. Қараша-желтоқсан айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды: АК төрағасы б.ғ.к. Қ.Т.Абдраимова ағымдағы комитеттің күн тәртібіндегі мәселерге қысқаша тоқталып, қарастырылатын мәселелерді ашып көрсетті:
Әр ББ өзіндік бағалау жүргізу:

- соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері;
- БББ-ң пәндердің силлабустарында көрсетілген оқыту нәтижелерін талдау;
- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері;
- жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері;
- сауалнамалар білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері;
- білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері;
- түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері.

1. Мәжілістің бірінші сұрағы бойынша «Биология» кафедрасында кәсіби практика жұмыстарына жауапты Е.Н.Балтабай: 224-225 оқу жылында келісім-шарт түзілген мекемелерге байланысты олардың басшыларының келісімі негізінде барлық кәсіби практикалар бойынша бағдарламалар факультет деканымен бекітілді. Педагогикалық жүктемелеріне сәйкес практика жетекшілері әрі қарай күнтізбелік жоспар-кестелерді қайта қарап, бекітуде. Осымен бірге, 6В05146-Биология БББ 4-курс білімгерлерін өткен оқу жылында қалалық санитарлық-эпидемиологиялық станция басшысының ЖОО тарапынан практиканттарды базадан өткізу барысында ешқандай төлемақы белгіленбегендіктен, рұқсат бермеді. Осыған байланысты ағымдағы оқу жылында осындай қарсылығы жоқ, өңірімізде 6В051-Биологиялық және сабақтас ғылымдар даярлау бағыты бойынша кәсіби қызмет саласы мен объектілеріндегі аталған бағыттарға сай маман лауазымдарының жеткіліксіздігі біз үшін өте өзекті, шешімін таппаған мәселе болып қала береді.

2.АК төрағасы Қ.Т.Абдраимова: 6B05146-Биология, 6B05169-Биотехнология БББ-ның соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелерін талдай келе, ҚР жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының рейтингісін қалыптастыру мақсатында «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының рейтингтік талдау нәтижелерінің қорытындысы бойынша 6B05146-Биология БББ-сы 2023 ж 20 бағдарламадан 15-ші орынға, 2022 – 17/3; 2021 – 18/7; 6B05169-Биотехнология БББ-сы – бойынша бітіруші түлектер болған жоқ. Көрсеткіштердің салыстырмалы түрде төмен болуы, түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі мен жұмысқа орналасқандардың жалақысының аз болуы талдау барысында анықталды.

2024-2025 оқу жылында 6B05146-Биология және 6B05169-Биотехнология БББ-н пәндердің силлабустарында көрсетілген оқыту нәтижелерін талдау жұмыстары УЕ-ХҚТУ-036-2023 Білім беру бағдарламасының және пәннің оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, дайындау ережесіне сәйкес жүргізілді. Атап айтқанда, 5.2.2 бөлімінде көрсетілген «Оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus), әзірлеу және бекіту тәртібіне қойылатын талаптарды» ескере отырып, 2024-2025 оқу жылында оқытылатын келесі пәндердің силлабустарына сараптама жұмыстары ұйымдастырылды:

2024-2025 ож 6B05146-Биология БББ-ның 1-4 курс пәндері:

№	Пән коды	Пән аты	семестр	Оқу тілі
1.	GA 1266	Гербарий әдістері	I	қазақша
2.	KB 1275	Клетка биологиясы	I	қазақша
3.	AZhK 1247	Академиялық жазбаға кіріспе	I	қазақша
4.	B 1276	Ботаника I	II	қазақша
5.	MV2283	Микробиология және вирусология (түрік тілінде)	IY	түрікше
6.	Z2280	Зоология I	III	қазақша
7.	Bot 2281	Ботаника II	IY	қазақша
8.	Zoo 2282	Зоология II	IY	қазақша
9.	OF 3209	Өсімдіктер физиологиясы	Y	қазақша
10.	OM 3232	Өндірістік микробиология	Y	қазақша
11.	MB 3208	Молекулалық биология	Y	қазақша
12.	AZhF 3210	Адам және жануарлар физиологиясы	Y	түрікше
13.	SM 3231	Санитарлық микробиология	Y	қазақша
14.	Gen 3207	Генетика	Y	қазақша
15.	KFOZh 3333	Қазақстанның флорасы мен өсімдіктер жамылғасы	YI	қазақша
16.	AA 3316	Адам анатомиясы	YI	қазақша
17.	BT 3314	Биотехнология	YI	қазақша
18.	DO 3334	Дәрілік (медициналық) өсімдіктер	YI	түрікше
19.	BOA 3315	Биологияны оқыту әдістемесі	YI	қазақша
20.	AO 4318	Әлем өсімдіктері	YII	түрікше
21.	ET 4211	Эволюциялық теория	YII	қазақша
22.	OB 4317	Өсімдіктердің биоинженериясы	YII	қазақша
23.	OUK (D) 4335	Өсімдіктердің ұлпа культурасы (дақылдары)	YII	қазақша
24.	AS 4336	Ауылшаруашылық селекциясы	YII	қазақша
25.	ZZAP 4307	Зоологиялық зерттеулердің әдістері мен принциптері	YII	қазақша
26.	BMZA 4308	Ботаникалық және микологиялық зерттеу әдістері	YII	қазақша

2024-2025 ож 6B05169-Биотехнология БББ-ның 1, 2, 4 курс пәндері:

№	Пән коды	Пән аты	семестр	Оқу тілі
1	BN 1266	Биотехнология негіздері	I	қазақша
2	OMF 1297	Өсімдік морфологиясы мен физиологиясы	I	қазақша
3	AZhK 1247	Академиялық жазбаға кіріспе	I	қазақша
4	CG 1276	Цитология және гистология	II	қазақша
5	ZhB 2277	Жасушалық биотехнологиясы	III	қазақша
6	ZhM2298	Жалпы микробиология	III	қазақша
7	BN 2281	Биотехнология нысандары	IY	қазақша
8	AZhF2299	Адам және жануарлар физиологиясының негіздері	IY	түрікше
9	BMZA 4248	Ботаникалық және микологиялық зерттеу әдістері	YII	қазақша
10	BZhZAK4249	Биологиялық жүйелерді зерттеу әдістері мен	YII	қазақша


		құралдары		
11	OI 4250	Өсімдіктер интродукциясы	ҮІІ	қазақша
12	OBOB 4312	Өсімдіктер биоалуантүрлілігі және оны сақтаудың биотехнологиясы	ҮІІ	қазақша
13	EB4312	Экологиялық биотехнология	ҮІІ	қазақша
14	Bio4313	Бионанотехнология	ҮІІ	түрікше
15	BKKU 4314	Биотехнологияда кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру	ҮІІ	қазақша

Жоғарыда келтірілген силлабустардың оқыту нәтижелерін (ОН) талдау барысында келесі талаптарға назар аударылды:

Пәннің оқыту нәтижелері тиісті білім беру бағдарламасынан алынды. Мысалы, 6B05169-Биотехнология 2024-2025 оқу жылында 1-курсқа қабылданған білімгерлердің БББ-сы бойынша:

Кәсіби құзыреттер	Оқыту нәтижелері (ОПК мөлшері)
Б1. Әлеуметтік ортада адамды қалыптастыру және анықтау қабілеті	- Зерттелетін салада мәліметтерді жинақтау және сыни көзқараспен талдау нәтижесінде өз бетінше шешімдер қабылдау арқылы көшбасшылық қабілетті қалыптастырады (ОН1). - Кәсіби қызметінде ғылыми зерттеу әдістерін, академиялық жазба негіздерін, академиялық адалдық принциптері мен мәдениетін қолданады (ОН3). - Кәсіби қызметінде қоғамның рухани құндылықтарын және экономикалық, экологиялық, құқықтық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттарын сақтайды (ОН4).
Б2. Кәсіби қызметтің ғылыми сипатын анықтау, оларды шешуде тиісті жаратылыстану ақпараттарын тарту	- Биотехнологияның негізгі заңдылықтарын түсініп, өнеркәсіп салаларында озық технологияларды қолданады (ОН5); - Тірі ағзадағы заттардың биохимиялық функциясы мен молекулалық құрылымының өзара байланысын тәжірибелерді жүргізу арқылы талдайды (ОН6);
Арнайы құзыреттер	Оқыту нәтижелері (ПК мөлшері)
Б3. Биотехнологиялық үдерістер мен заңдылықтар	- Биотехнологиялық өзгерістерді зертханалық жағдайда айқындап, ғылыми зерттеу нәтижелерін талдайды (ОН7); - Биотехнологиялық процесс кезіндегі тірі ағзалардың сыртқы ортамен байланысын микробиологиялық өзгерістерде айқындайды (ОН8);
Б 4. Объектілерді зерттеуде заманауи әдістерді пайдалану	- Нано-, биотехнологиялардың клеткалық инженерия нәтижелерін қолдануда микробиологиялық синтез әдістерін тандайды (ОН9); - Биообъектілердің өнімділігін арттыру үшін биотехнологиялық препараттардың тиімді технологияларын техникалық шарттарға сәйкес, жүзеге асыру алгоритмін әзірлейді (ОН10);
Б5. Жүйелеу және құрастыру	- Жаңа түрлер алу үшін биоресурстарды пайдаланып селекциялық зерттеулер жүргізеді (ОН11).

Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне (ББ ОН) сәйкесінше Пәннің оқыту нәтижелері (ПОН) жазылды. Төменде ОН пәнге байланыстыру схемасы келтірілген.



Талдау жұмысы келесі реттілікпен жүргізілді, мысалы «Биотехнология негіздері» пәні мысалында:

Пән/Модуль	Құзыреттер	Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері ББ ОН	Пәннің Оқыту нәтижелері (ПОН)
Модуль – Базалық пәндер Пән – Биотехнология негіздері	Арнайы құзыреттер Б2. Кәсіби қызметтің ғылыми сипатын анықтау, оларды шешуде тиісті жаратылыстану ақпараттарын тарту; Б3. Биотехнологиялық үдерістер мен заңдылықтар	Биотехнологияның негізгі заңдылықтарын түсініп, өнеркәсіп салаларында озық технологияларды қолданады (ОН5) Биотехнологиялық өзгерістерді зертханалық жағдайда айқындап, ғылыми зерттеу нәтижелерін талдайды (ОН7)	ПОН 1 - микробиологиялық биотехнологияны зерделеу кезінде өз бетінше эксперимент жүргізеді, осы саладағы зерттеу нәтижелерін талдайды, жұмыс жүргізу әдістерін таңдайды; ПОН 2 - Медициналық биотехнология саласында зерттеулер жүргізу кезінде әртүрлі әдістерді тиімді қолданады, сондай-ақ қорытынды жасайды және эксперимент нәтижелерін өңдейді. ПОН 3 - сүт биотехнологиясы салаларында зертханалық және жыныстық ғылыми жұмыстарды жүргізу үшін заманауи жабдықтар арқылы зерттеулер ұйымдастырады. ПОН 4 - ферменттік биотехнологияның әртүрлі зерттеу бағыттарында жүргізілген кезде эксперимент әдістерінің тиімділігін талдайды

Пәннің ерекшелігіне байланысты пәннің оқыту нәтижелері (ПОН) ашылып Блум токсономиясына сәйкес жасалған (когнитивті, психомоторлық, аффективті домен).

Когнитивтік доменге оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқытушылардың күнделікті практикасында келтірілген мақсаттар: игерілген оқу материалын есте сақтау, оны қайта келтіруден басталып, өздігінше түсініп, солардың негізінде жаңа білім құрастырып (идеялар, әдістер, тәсілдер, т.б.), сол арқылы қандай да болмасын проблемаларды шешуді қарастырады (силлабуста жазылған).

Когнитивтік доменнің етістіктері:

Категория	Кілттік етістіктер
Есте сақтау: студент ақпараттарды есте сақтай ала ма?	Анықтау, қайталау, санап шығу, есте сақтау, еске түсіру, цитата келтіру, атау
Түсіну: студент идея немесе концепцияларды түсіндіре ала ма?	Жіктеу суреттеу, карама-қарсы қою, түсіндіру, айырмашылығын көрсету, ерекшелігін анықтау, сөзбен қайта құрастыру, мәлімдеп беру, таңдау, аудару, өз сөзімен айту
Қолдану: студент жаңа жолмен ақпаратты пайдалана алады ма?	Таңдау, көрсетіп беру, ережесін сақтап орындау (рольді орындау), қолдану, иллюстрациялау, интерпретациялау, реттеу, нобайын салу, шешу, пайдалану, жазып көрсету
Талдау: студент ақпаратты интерпретациялай алады ма?	Бөліп шығару, салыстыру, карама-қарсы қою, сынау, дифференциялау, категорияларға бөлу, өзара байланысын көрсету, тексеру, анықтап сурау, тестілеу, талқылау
Бағалау: студент ұстанымын немесе шешімін ақтап алады ма?	Бағалау, өлшеу, салыстыру, жақтап не жоққа шығаратын дәлелдер келтіру, қайта қарастыру, таңдау, сұрыптау, салмақтау
Құру: студент жаңа өнім немесе жаңа көзқарас жасай (құра) алады ма?	Жинақтау, құрастыру, ұсыну, дайындау, ұйымдастыру, өзгерту, ретін өзгерту, жоспарлау

Психомоторлық домен координация, манипуляция, күш және жылдамдық сияқты физикалық дағдылармен көрсетіледі, мысалы, клиникалық медицинада инъекция жасау, теріні тігу, трахеяны интубациялау дағдылары.

Психомоторлық домен етістіктері (Dave, R.H.)

Категория	Кілттік етістіктер
Имитация: Дағдының орындалуын бақылау және оны көшірмелеу	Бастайды, көрсетеді, түсіндіреді, қозғалады, әрекет етеді.

Манипуляция: Дағдыны нұсқаулық бойынша немесе есте қалғаны бойынша орындау	Көшіреді, іздейді, ереді, қайта орындайды, қайталайды.
Дәлдік: Дағдыны ешкімнің көмегінсіз дәл орындау	Жинақтайды, құрады, құрастырады, көрсетеді, түзетеді, өлшейді, жөндейді, араластырады, ұйымдастырады, эскиздер құрады.
Артикуляция: Стандартты емес мәселелерді шешу үшін дағдыны адаптациялау және интеграциялау	Адаптациялайды, өзгертеді, қайта құрады, реорганизациялайды, вариациялайды.
Натурализация: Стратегиялық деңгейдегі автоматтандырылған шеберлік	Құрады, комбинациялайды, құрастырады, конструкциялайды, жаңадан құрады, ұсынады, орындайды, туынды жасайды.


Аффективтік домен. Тұлғаның өзін қоршаған әлем мен ортаның құбылыстарына деген эмоционалды-тұлғалық қатысын қалыптастыратын мақсаттар жатады. Бұл қатынас түйсік (қабылдау, перцепция) пен қызығушылықтан басталып, құндылықтарды өз бойында қалыптастыру және оларды белсенді түрде жүзеге асыруға дейін дамиды. Осы салаға тұлғада қызығушылық пен бейімділікті қалыптастыру, оның сан алуан сезімдерді жан дүниесінен өткеруі, өзіндік қатынасты қалыптастыру, оны түсіну мен әрекетте қолдану мақсаттарын жатқызуға болады. Аффективтік мақсаттар когнитивтік мақсаттармен салыстырғанда күрделі болғандықтан (тұлғаның қалыптасуына тереңінен үңіледі), тез арада нақты нәтижелерді көрсетпейді. Сол себепті де оқытушылар оларды педагогикалық диагностикада көптеп қолданбайды.

Аффективтік домен етістіктері (Kratwohl)

Категория	Кілттік етістіктер
Қабылдау: қабылдауға дайын болу, соған ұмтылу	Сұрайды, тандайды, суреттейді, береді, идентификациялайды, табады, атайды, көрсетеді, отырады, қолданады.
Жауап беру: білім алушылар жағынан белсенділік таныту	Жауап береді, көмектеседі, сай келеді, дискуссияға қатысады, қолдайды, орындайды, қайталайды, оқиды, тандайды, сөйлейді, жазады.
Құндылықтарды тандау (үлестіру): құндылығына арнайы мән беру	Аяқтайды, көрсетеді, дифференциялайды, түсіндіреді, сол жолмен жүреді, қалыптастырады, қосылады, доклад жасайды, ақтайды, ұсынады, ажыратады, үйренеді, жұмыс істейді.
Ұйымдастыру (концептуализация): құндылықтарды салыстыру, байланыс орнату және синтездеу	Ұстанады, өзгертпейді, ұйымдастырады, жинақтайды, салыстырады, қорытындылайды, қорғайды, қалыптастырады, генерализациялайды, модификациялайды, интеграциялайды, идентификациялайды, бұйырады, дайындайды, байланыс орнатады, синтездейді.
Құндылықтарды интернализациялау (характеризация): оның іс-әрекетін бақылаушы құндылықтар жүйесінің болуы	Әрекет етеді, дискриминациялайды, көрсетеді, әсер етеді, жүзеге асырады, тыңдайды, модификациялайды, квалификациялайды, тәжірибе жүргізеді, қайта қарастырады, сұрайды, қызмет етеді, шешім шығарады, тексереді.

Домендер әр деңгей үшін тандап алынады (бакалавриат үшін: Когнитивті домен- есте сақтау, түсіну қолдану, Психомоторлы домен-имитация, манипуляция, Аффективті домен-дәлдік, қабылдау, жауап беру құндылықтарды үйлестіру. Етістіктері де сәйкесінше пайдаланылды.

Кесте-2/ Таблица-2/ Table-2
 Оқулықтың нәтижелері бойынша оқыту нәтижелері көрсетілген.
 Қорытынды нәтижелер бойынша оқыту нәтижелері көрсетілген.
 Конечные результаты обучения согласно компетенциям, сформированным в процессе обучения.
 The latest learning outcomes in accordance with the competences mastered in each subject are formed according to the three domains indicated below:



Пәннің оқыту нәтижелері (ПОН) жазылған соң, одан кешен, яғни лекцияның, практиканың, ОБӨЖ-ның ОН жазылды. Мысалы, «Биотехнология негіздері» пәні бойынша

Пәннің оқыту нәтижесі (ПОН)	№1 Лекцияның		№1 Практикалық сабақтың,	
	тақырыбы	оқыту нәтижесі	тақырыбы	оқыту нәтижесі
ПОН 1 - микробиологиялық биотехнологияны зерделеу кезінде өз бетінше эксперимент жүргізеді, осы саладағы зерттеу нәтижелерін талдайды, жұмыс жүргізу әдістерін тандайды; ПОН 2 - Медициналық биотехнология саласында зерттеулер жүргізу кезінде әртүрлі әдістерді тиімді қолданады, сондай-ақ қорытынды жасайды және эксперимент нәтижелерін өңдейді; ПОН 3 - сүт биотехнологиясы салаларында зертханалық және жыныстық ғылыми жұмыстарды жүргізу үшін заманауи жабдықтар арқылы зерттеулер ұйымдастырады; ПОН 4 - ферменттік биотехнологияның әртүрлі зерттеу бағыттарында жүргізілген кезде эксперимент әдістерінің тиімділігін талдайды.	Биотехнологияның дамуына басқа ғылым салаларының әсері. Биотехнологияның даму кезеңдері.	ПОН1- Биотехнология ғылымының негізгі міндеттерін анықтайды; ПОН2- Биотехнология ғылым саласының даму кезеңдерін жіктейді; ПОН3- Биотехнология ғылымының басқа ғылымдармен байланысын көрсетіп береді. Биотехнология пәні және оның міндеттері.	Биотехнологиялық зертханада жұмыс жүргізген кездегі қауіпсіздік ережелері	ПОН1- Биотехнологиялық зертханаларды ұйымдастыру жолдарымен танысады. ПОН2- Жаңа құрал-жабдықтармен, реактивтермен, сондай-ақ биотехнологияда қолданатын залалсыздандыру қабілеттері туралы білім қалыптастырады. ПОН3- Биотехнологиялық зертханада қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып жұмыс жүргізеді.

Тексеруге түскен пәндер бойынша силлабустардың оқыту нәтижелерін саралай келе, барлығы пән ерекшелігіне сәйкес жазылғандығы және қол жетімді екендігі анықталды. Сараптама критерийлері оқыту нәтижелерінің келесі принциптеріне сәйкес негізделген:

- Бір белсенді етістік арқылы жазылуы

- Білімгерге қойылатын негізгі талаптардың нақты болуы
- Қол жетімділігі
- Өлшемді.

Оқыту нәтижелеріне арналған идеалды тұжырымдалған талаптар екі сұраққа нақты жауап беруі керек:

- Табысты оқыту нәтижесінде білімгер не істей алады?
- Оның бұл әрекетке қабілеттілігін қалай тексеруге (өлшеуге) болады? (Пәнді сәтті игерген студент оқымаған студенттен қалай ерекшеленеді?)

АК мүшесі, академиялық персонал Қ.Т.Ибрагимов: ХҚТУ-нің алыс және жақын шетелдік жоғары оқу орындарымен келіссөздер бастамасы өткен оқу жылының аяғында ғалымдарымыз Пеями Баттал, Мурат Келеш, Қ.А.Полатбекова, Ғ.И.Исаев, Н.А.Ахметовтің қатысуымен онлайн форматта өткен келіссөз барысында біздің 6B05146-Биология білім беру бағдарламасымен Еге университетінің ғылыми биология мамандығының құрылымы, пән модульдері, оқу жоспарлары өзара талқыға салынды. Талқылау нәтижесінде модульдердің, оларға кіретін пәндердің кредит көлемдерінің, кәсіптік практикалардың да семестрлер бойынша бір-біріне сәйкес келмейтіні туралы талқыланды. Алайда, басқа да шет елдік ЖОО-мен осындай әрекеттерді қолға алып, білімгерлеріміздің шетелдік ЖОО-мен танысуын әрі қарай жалғастыру біз үшін күшті мүмкіндік болары анық. Биология кафедрасында 6B05146-Биология білім беру бағдарламасының білімгерлері мысалы, 2021-2022 ож Ондокуз Майыс Университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алды. БББ-ды 2025-2026 оқу жылында жаңарту жоспарланған, сондықтан жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері ретінде сауалнамалар, ұсыныстар, сараптамалық тұжырымдамалар қажетті талқылаудан өтіп, қанағаттанарлық нәтижелерге қол жеткіземіз деп ойлаймыз.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, Г.О.Абишова алды: 2024-2025 оқу жылында 6B05146-Биология - 59 (47 грант, 12) және 6B05169-Биотехнология БББ сәйкесінше 10 (5грант, 1 түркия гранты, 4 ақылы) білімгер қабылданды. 2023-2024 оқу жылы бойынша түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері атқаратын функциялары мен түрлеріне қатысты жұмыс орындарының жеткіліксіздігі әлсіз жақтың бірі болып табылады. 6B05146-Биология БББ бітіруші 46 білімгер -73,3% құрады. Әйтсе де, қалған пайызды магистратурада оқуды жалғастырған және декреттік демалыстағы бітірушілеріміз құрайды. Осы орайда, жұмыс берушілермен тығыз жұмыстар жүргізілуде, биологиялық және сабақтас ғылымдар даярлау бағытына сәйкес өндірістік мекемелер, кәсіпорындардағы бағыт бойынша жұмыс штаттық орындарының көбеюі негізделіп, олардың потенциалды жұмыс берушілердің қатарында болуы заман талабы. Алайда, бұл біз үшін әлі қолжетімді болып отырған жоқ.

АК төрағасы Қ.Т.Абдраимова: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылында Аккредиттеуден өткен 6B05146-Биология және 6B05169-Биотехнология бағдарламаларын өзіндік бағалау жұмыстарын жалғастыруымыз қажет. Жоғарыда айтылғандай, потенциалды жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен, жеке шаруа қожалықтарымен, аудандық-ауылдық округ бөлімдерімен тығыз байланыс орнату жұмыстарын жүргізіп, сараптамалар мен ұсыныстарын назарға алу керек. Облыстық, өңірлік ауылшаруашылығы басқармалары, өсімдік-, мал шаруашышылығы процесстерімен айналысатын ауылдық округтердегі жеке шаруа қожалықтары, ет-сүт өнімдерін өндірумен айналысатын жеке кәсіпкерлермен түсіндірме жұмыстарын әрі қарай қатаң түрде жандандыру қажет, олардың ұсыныс-пікірлері, сараптамалық тұжырымдары, сонымен бірге бос орындардың вакансиялық штаттары да түлектер үшін ұсынылуы тиіс.

Күн тәртібі бойынша көптеген маңызды мәселелер талқыланды, алдағы уақытта атқарылатын ауқымды жұмыстар өте көп, «жұмыла көтерген жүк жеңіл дегендей»

комитет мүшелері бірлесе барлық жұмыстардың шешімін табады деген бірауыздан сенім бар.

Шешім: Әр ББ бойынша өзіндік бағалау жұмыстары жүргізілсін; ББ аудиттері және шешімдер қабылдансын; қараша-желтоқсан айларында атқарылған іс шаралар нәтижесі назарға алынсын.

Мәжіліс төрағасы:



Қ.Т.Абдраимова

Хатшысы:

Г.О.Абишова